

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық туралы Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 13 қыркүйек 1996 ж. N 1114. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.24. N 626 қаулысымен. ~P990626

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1812 P951812\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы

Қазынашылық туралы ұсынылып отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығын құру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 20 мамырдағы N 549

P940549\_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1994 ж., N 22, 236-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 13 қыркүйектегі  
N 1114 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
жанындағы Қазынашылық туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық (бұдан әрі - Қазынашылық) республикалық бюджеттің атқарылуын жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің кассалық атқарылуын ұйымдастыратын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкіне қатысты өкілетті орган болып табылатын Қазақстан Республикасының ведомствосы - маманданған мемлекеттік орталық атқару органы болып табылады .

2. Қазынашылықтың облыстар мен Алматы қаласындағы қазынашылық басқармаларынан тұратын жоғарыдан төмен қарай бағыныстағы органдары б о л а д ы .

3. Өзінің қызметінде Қазынашылық Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің және Үкіметінің актілерін, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрықтарын басшылыққа алады.

4. Қазынашылықтың біртұтас қазынашылық шотын жүргізуді және оған кассалық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүзеге а с ы р а д ы .

2. Қазынашылықтың негізгі міндеттері

5. Қазынашылық органдарының негізгі міндеттері мыналар:  
республикалық бюджеттің кассалық атқарылуын ұйымдастыру, жүзеге асыру ж ә н е б а қ ы л а у ;

жергілікті бюджеттердің, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен арнаулы қаржылардың кассалық атқарылуын ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкімен келісе отырып, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

кассаның біртұтастығы қағидатын басшылыққа ала отырып, Қазынашылықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мекемелерінде ашылған шоттардағы ақша қаражатын басқару;

республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің арасындағы өзара есеп а й ы р ы с у л а р д ы жү р г і з у ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы мемлекеттік қарызын есепке алу және оған қ ы з м е т к ө р с е т у ;

республикалық бюджет пен мемлекеттік мақсатты қаржыландыру

қорларының арасындағы өзара қарым-қатынастарды жедел басқарып отыру, осы қорлардың қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылау;

мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы ақпарат жинау, оны өңдеу мен талдау және оларды жедел басқару ісінде пайдалану, бюджет шоттарының жай-күйі туралы белгіленген тәртіппен ақпарат беріп тұру;

мемлекеттік қаржыны тиімді әрі жедел түрде басқару мен икемдеу мақсатында оның мөлшеріне болжам жасау;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы бухгалтерлік есеп пен есептемені жүзеге асыру және белгіленген тәртіппен есептеме ұсынып отыру;

Қазынашылықтың құзыретіне жататын және бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың орындалуы үшін міндетті мәселелер бойынша есепке алу операцияларын жүргізу тәртібі туралы әдістемелік және нұсқамалық құжаттарды ә з і р л е у .

### 3. Қазынашылықтың негізгі қызметтері

#### 6. Жүктелген міндеттерге сәйкес Қазынашылық мынадай қызметтер атқарады

:

республикалық бюджеттің атқарылуын ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің кассалық атқарылуын жүзеге асырады және ұйымдастырады, республикалық бюджет пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың және мақсатты қаржыландыру қорларының арасындағы қаржы қатынастарын реттейді, сондай-ақ республикалық бюджетке қарайтын ұйымдарды қаржыландырады;

мемлекеттік бюджет пен жергілікті бюджеттердің арасындағы өзара есеп айырысулар мен бюджеттік несиелердің есебін жүргізеді;

Қазақстан Республикасы бюджетінің кірістер мен шығыстарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауындағы теңге түріндегі де, шетелдік валюта түріндегі де өзге орталықтандырылған қаржы ресурстарын басқаруды жүзеге асырады, банктер мен басқа да қаржы-кредит мекемелерінің шоттарында есепте тұрған Қазынашылық қаржыларына иелік етеді, сондай-ақ осы қаржылар мен операцияларды жүзеге асырады;

жалпымемлекеттік реттелмелі кірістердің республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінуін бақылайды;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы бухгалтерлік есепке алу мен есептемені жүргізу тәртібін белгілейді және жүзеге асырады, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың бюджеттік және ағымдағы шоттарынан жұмсалған шығындар бойынша төлем құжаттарына алдын-ала ба қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

әдістемелік, нұсқаулық құжаттарды әзірлеп, бекітеді, Қазынашылықтың құзыретіне жататын, бюджеттік қаржы алатын ұйымдар мен кәсіпорындардың орындауы үшін міндетті мәселелер бойынша есеп жүргізу мен есептеме жасаудың тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы республиканың ішкі және сыртқы мемлекеттік қарызын есепке алу мен оған қызмет көрсету жөнінде операциялар орындайды;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орталықталындырылған қаржы ресурстарын Ұлттық Банк арқылы орналастыруды қайтарылатын ақылы негізде ұйымдастырып, жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелері және қаржы ресурстарының жай-күйі туралы ақпарат әзірлеуге қатысады;

Қазынашылықтың құзыретіне жататын мәселелер бойынша заң және өзге нормативтік актілердің жобаларын әзірлеуді белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының сақталуына және республикалық бюджеттің атқарылу бөлігінің, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың қаржылары мен арнаулы қаржылардың жұмсалуына бақылау жасау жөніндегі Қазынашылықтың аумақтық органдарының жұмысын ұйымдастырады;

Қазынашылықтың аумақтық органдарының жұмыс тәжірибесіне талдау жасап, қорытындылайды және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, олардың қызметіне тексеру ұйымдастырады, беті ашылған кемшіліктер мен бұрмалауларды жою жөнінде шаралар қолданады;

шет елдердегі қазынашылық қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерттейді және оны іс жүзінде пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының қазынашылық органдары мен мемлекеттік Бюджеттік банк қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

Қазынашылықтың біртұтас ақпараттық-есептеу жүйесін енгізуді ұйымдастырады және оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

#### 4. Қазынашылықтың құқықтары мен міндеттері

7. Негізгі міндеттерді орындау және бюджет тәртібін нығайту мақсатында Қазынашылық органдарының:

министрліктерде, мемлекеттік комитеттерде және басқа орталық атқарушы органдарда, кәсіпорындар мен ұйымдарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржы ресурстарын есептеумен, аударумен және пайдаланумен байланысты ақша құжаттарына тексеру жүргізуге; бюджеттік қаржыларды мақсатсыз

пайдалану фактілері анықталған жағдайда қаржыларды министрліктерден, ведомстволардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан даусыз тәртіппен бюджетке өндіріп алуға (қайтарып алуға);

бюджеттен қаржы алатын министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден және басқа орталық атқарушы органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан республикалық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру, мемлекет алдындағы қаржы міндеттемелерінің орындалуына қаржы-валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен мәліметтер алып тұруға құқығы бар.

8. Қазынашылық Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде бюджеттік қаржыларды банктердің депозиттік шоттарына орналастыруына және олармен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі атынан жасалған келісімдерде белгіленген мөлшерде проценттер алуына болады.

Республикалық бюджеттің тапшылығын жабуға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржысы заңдарда белгіленген тәртіппен қарызға алынған жағдайда Қазынашылық та жоғарыда көрсетілген шарттар мен тәртіпке сәйкес проценттер төлейді.

#### 5. Қазынашылықтың қызметін ұйымдастыру

9. Қазынашылықтың бастығы лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасы министрінің орынбасары болып табылады, оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

10. Қазынашылықтың бастығы Қазынашылыққа жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді, өз орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелер бастықтарының жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

11. Қазынашылық органдарының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен нормативтік актілерін қатаң сақтауы тиіс, заңдарда белгіленген тәртіппен айқындалған мемлекеттік және коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді құпия түрде сақтауға міндетті.

12. Қазынашылық Бастығының орынбасарларын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, Қазынашылық бастығының ұсынуы бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Аумақтық басқармаларының және Қазынашылықтың облыстардағы, Алматы қаласындағы бөлімшелерінің бастықтары Қазынашылық бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

13. Қазынашылықтың консультациялық-кеңесуші басқару органы

Қазынашылықтың бастығы, оның орынбасарлары және орталық аппаратының басқа да басшы қызметкерлері құрамымен құрылатын кеңес болып табылады. Қазынашылық кеңесінің саны мен адам құрамын Қазынашылық Бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

Кеңес өзінің мәжілістерінде Қазынашылықтың болашақтағы және ағымдағы міндеттерін айқындайды, қазынашылық жүйесінің жұмыс әдістерін жетілдіріп, оның тиімділігін арттырудың, қабылданған шешімдерді орындаудың, кадрларды іріктеудің, орналастырудың, қайта даярлаудың негізгі мәселелерін қарайды аса маңызды бұйрықтардың, нормативтік және әдістемелік құжаттардың жобаларын талқылайды, Қазынашылық бөлімшелерінің жұмысы туралы есептерді тыңдайды.

Кеңестің шешімдері Қазынашылық бастығының бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

Қазынашылық Кеңесі туралы Ережені Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

14. Қазынашылық республикалық бюджеттің есебінен қаржыландырылады.

Қазынашылық қызметкерлері санының лимитін және қызмет автомобильдерінің санын - Қазақстан Республикасының Үкіметі, қазынашылықтың облыстық және Алматы қалалық басқармаларына - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі белгілейді.

15. Қазынашылықтың құрылымы мен штат кестесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді, Қазынашылықтың облыстық және Алматы қалалық басқармаларында - оларға белгіленген адам саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде осы органдардың басшылары бекітеді.

16. Қазынашылық органдары өз жұмыстарында түрлі деңгейдегі бюджеттер арасындағы есеп айырысу мәселелері бойынша және жұмыс барысында - бюджет жүйесінің жай-күйі туралы қажетті ақпарат жинау жөнінде жергілікті өкілді және атқарушы органдармен өзара байланысты болады.

17. Қазынашылық республикалық бюджеттің және мақсатты қаржыландырылатын мемлекеттік қорлардың атқарылу нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министріне мезгіл-мезгіл хабарлап тұрады.

18. Қазынашылықтың аумақтық органдары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеттік банкі дербес заңды тұлғалар болып табылады.

Қазынашылықтың орталық аппараты мен оның аумақтық органдарын қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталықтандырылған бухгалтериясы арқылы жүзеге асырылады.

19. Қазынашылықтың аумақтық басқармаларының жұмысын бағыныстылық тәртібімен Қазынашылықтың жоғары тұрған органы кемінде екі жылда бір рет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де органдар

т е к с е р і п

о т ы р а д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ